



Күләш Байсейітова атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

Докторантураға
қабылдау туралы
ЕРЕЖЕ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушыларды қабылдау тәртібі	4
3	Қабылдау комиссиясының жұмысы	5
4	Қабылдау мерзімдері, шарттары және тіркеу тәртібі	6
5	Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі	10
6	Қорытынды ережелер	13
	1-қосымша – Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау үшін 100-баллдық бағалау жүйесінің шкаласы	14
	2-қосымша – Бейінді докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау үшін 80-баллдық бағалау жүйесінің шкаласы	14



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Докторантураға қабылдау туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Университет) докторантураға оқуға қабылданушыларды шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларына.

1.3 Университеттің лицензиялары бар және докторантураға дайындықтың келесі бағыттары бойынша қабылдауды жүзеге асырады:

8D014 - Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау;
8D021 - Өнер.

1.4 Университет докторантураның келесі білім беру бағдарламалары (БББ) бойынша оқытуын жүргізеді:

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет

1-кесте - Докторантураның білім беру бағдарламалары

№	Білім беру саласы	Дайындық коды және бағыты	Білім беру бағдарламалары тобының коды және атауы	БББ шифры	БББ атауы
1	8D01 Педагогикалық ғылымдар	8D014 – Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау	D006 – Музыка педагогтерін даярлау	8D01402	Музыкалық орындаушылық және педагогика
2	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D022 – Музыкатану	8D02109	Музыкатану
3	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D022 – Музыкатану	8D02110	Музыкатану (бейіндік бағыт)
4	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D023 – Аспаптық орындаушылық	8D02101	Аспаптық орындаушылық - Фортепиано
5	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D023 – Аспаптық орындаушылық	8D02102	Аспаптық орындаушылық - АВАК
6	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D023 – Аспаптық орындаушылық	8D02122	Аспаптық орындаушылық - Скрипка
7	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D023 – Аспаптық орындаушылық	8D02123	Аспаптық орындаушылық – Үрмелі және соқпалы аспаптар
8	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D024 – Вокалдық өнер	8D02105	Вокалдық өнер
9	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D025 – Дәстүрлі музыкалық өнер	8D02104	Дәстүрлі музыкалық өнер (түрлері бойынша)
10	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D034 – Өнертану	8D02124	Кинотану
11	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D034 – Өнертану	8D02133	Кинотеле-драматургия
12	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D034 – Өнертану	8D02136	Театртану

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет

13	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D034 – Өнертану	8D02162	Өнертану
14	8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	D037 – Арт-менеджмент	8D02103	Арт-менеджмент

1.5 Құжаттарды тапсыру барысында талапкер бір жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын (ЖЖОКБҰ) – Университетті және бір білім беру бағдарламалары тобын көрсетеді.

1.6 Университеттің білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығының Бірыңғай жоғары білім беру платформасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген.

2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

2.1 Құжаттарды қабылдау және Университеттің докторантурасына оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2.2 Университеттің докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқуға Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады. Олар «магистр» дәрежесі бар немесе (бейіндік докторантурада оқу үшін) жоғары арнайы білімі болуы тиіс, сондай-ақ Университеттің даярлау бағыттары бойынша магистратураны / специалитетті аяқтағаннан кейін еңбек өтілі кемінде 9 (тоғыз) ай болуы қажет.

2.3 Докторантураға қабылдау кезінде талапкердің докторантураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде өткен пәндермен (пререквизиттермен) айқындалатын білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттердің тізбесін Университеттің бітіруші кафедралары айқындайды.

2.4 Докторантурада оқыту ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Оқу мерзімі - 3 жыл, оқу түрі – күндізгі.

2.5 Университетке талапкерлерді қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.6 Докторантураға тұлғаларды қабылдау конкурс негізінде қабылдау (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет

2.7 Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарының мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде конкурс арқылы тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

2.8 Шығармашылық емтихандар аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде – ықтиярхат негізінде тұруға, визасының немесе көші-қон қызметінде тіркелгенінің болуы шетел азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғалардың өз жауапкершілігінде.

3 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

3.1 Талапкерлерді докторантураға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қабылдау комиссиясы іске асырады.

3.2 Қабылдау комиссиясы өз жұмысын осы Ережеге сәйкес, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) бұйрықтарын, жарлықтарын және нұсқаулық хаттарын, Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) бағдарлық және нұсқаулық материалдарын басшылыққа алады.

3.3 Қабылдау комиссиясы Университет ректорының бұйрығымен құрылады және тақ саннан тұратын мүшелерден тұрады.

3.4 Қабылдау комиссиясының құрамына:

- Университеттің ректоры;
- Университеттің проректорлары;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- профессор-оқытушылар құрамының өкілдері.

3.5 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:

- кәсіби бағдарлау жұмысы;
- Университетке қабылданатын азаматтардың құжаттарын қабылдау, рәсімдеу және өңдеу;
- оқуға қабылданушылар үшін кеңес беруді ұйымдастыру;
- шығармашылық емтихандарды дайындау және өткізу;
- емтихан комиссияларының жұмысын бақылау;
- апелляциялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- оқуға қабылданушыларды шығармашылық емтихандардың нәтижелерімен уақытылы таныстыру;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет

- оқуға қабылданушылар арасында конкурс өткізу;
- студенттер құрамына тіркеу туралы шешім қабылдау.

3.6 Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

3.7 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын ректордың бұйрығымен Университет қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

3.8 Жауапты хатшы:

- қабылдау комиссиясының жұмысына ағымдағы басшылықты іске асырады;
- Ғылыми кеңестің және қабылдау комиссиясының білім алушылардың контингентін қалыптастыру мәселелеріне арналған жиналыстарына материалдарды дайындайды;
- жастар арасында кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша кафедралар мен деканаттардың іс-шараларын үйлестіруді іске асырады;
- кафедралардың емтихан тапсырмаларын, билеттерін, бағалау өлшемшарттарын құрастыру бойынша жұмысын үйлестіреді;
- қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңінде ҚР МАМ, ҚР ҒЖБМ және ҰТО құжаттарына сәйкес комиссияның техникалық хатшылардың жұмысына басшылық етеді.

3.9 Комиссияның техникалық хатшылары Университеттің білім беру бағдарламаларына (БББ) оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ, ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлерден құжат қабылдауды іске асырады.

3.10 Қабылдау комиссиясының шешімімен және ректордың бұйрығымен Университеттің оқытушылары мен оқу-көмекші персоналынан тағайындалады:

- техникалық хатшылар;
- компьютер саласының маманы;
- жауапты хатшының көмекшісі.

3.11 Жауапты хатшының көмекшісі қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңінде құжаттаманың нақты және уақытылы өңделуі қадағалайды, тестілеу орталығымен байланыста болады, техникалық хатшыларды және компьютер саласының маманына қажетті кеңсе керек-жарағымен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етеді, жауапты хатшының тапсырмаларын орындайды.

3.12 Техникалық хатшылардың және компьютер саласының маманының міндеттері ҰТО лауазымдық нұсқаулықтарымен анықталады.

3.13 Қабылдау комиссиясы іріктеу комиссияларының құрамын және жұмыс кестесін ұсынады, құрам қабылдау комиссиясының төрағасы бұйрығымен бекітіледі.

3.14 Қабылдау комиссиясының шешімімен бекітіліп және қабылдау комиссиясының төрағасы бұйрығымен тағайындалатын:

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет

- шығармашылық емтихандар бойынша емтихан комиссияларының төрағалары және мүшелері;
- шығармашылық емтихандар бойынша апелляциялық комиссиялардың төрағалары және мүшелері.

3.15 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

3.16 Қабылдау комиссиясының жұмысы Университеттің Ғылыми кеңесінде қабылдаудың қорытындылары туралы есеп берумен аяқталады.

4 ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМДЕРІ, ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

4.1 Университет докторантурасына өтініштер мен құжаттарды қабылдау:

- 1) жазғы қабылдау: күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамыз аралығында;
- 2) күзгі қабылдау: күнтізбелік жылдың 28 қазаннан 10 қараша аралығында.

4.2 Қабылдау емтихандарының мерзімі:

- 1) жазғы қабылдау: күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз аралығында;
- 2) күзгі қабылдау: күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

4.3 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде электрондық құжаттарды қабылдау жүргізілуі мүмкін.

4.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға оқуға қабылдау емтихандары тек Университетте өткізіледі.

4.5 Докторантураға қабылдау емтихандары шығармашылық емтихандар түрінде өткізіледі.

4.6 Қабылдау (шығармашылық) емтихандарын тапсыру кезеңінде қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.7 Докторантураға қабылдау үшін қабылдау комиссиясына келесі құжаттар ұсынылады:

- Университет ректорының атына қабылдау туралы өтініш;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (магистратура) туралы құжаты және қосымшасының түпнұсқасы, бейінді докторантураға қабылданушылар үшін жоғары арнаулы білім (специалитет) туралы құжаты және қосымшасы ұсынылады. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар үшін Қазақстан Республикасында оның танылғанын растайтын құжат ұсынылады, ал

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет

ол болмаған жағдайда – білім туралы құжатты тану үшін уәкілетті органдарға жіберілгені туралы ХҚКО-дан тіркеу парағы ұсынылады.

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 см мөлшеріндегі 6 фотосурет;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат (жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс беруші еңбек шартының тоқтатылған күні мен негізін көрсетіп белгілеген еңбек шарты, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді және т.б.) шетел азаматтарынан басқа тұлғалар үшін ұсынылады;
- ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;
- Кеуде флюорографиясының суреті (түпнұсқасы және көшірмесі);
- электрондық үкімет порталынан алынған «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/kk/services/health_care/2Fpassport);
- электрондық үкімет порталынан алынған «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/kk/services/health_care/2F161_mzsr);
- Мемлекеттік тілді білуге арналған емтихан тапсырылғанын растайтын Ұлттық тестілеу орталығы берген ресми сертификат (QAZTEST, A1-C1 деңгейлері) (<http://kazakhstan.kz/news/576657/>), шетел азаматтарынан басқа тұлғалар үшін;
- Тиісті бағдарламалар бойынша шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

- International English Language Tests System Academic (IELTS Academic), шекті балл - кемінде 5,0;
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл - кемінде 35;
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), шекті балл – кемінде 417 (қосымша тест тапсыру қажет);
- Duolingo English Test, шекті балл – кемінде – 80;

неміс тілін меңгеру бойынша:

- Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (DSH, Niveau B1) – B1 деңгейінен кем емес;
- TestDaF-Pruefung Niveau B1 (TDF Niveau B1) – B1 деңгейінен кем емес;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9-бет

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (TFI) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен кем емес;

- Diplome d'Etudes en Langue français (DELFI) – B1 деңгейінен кем емес;
- Diplome Approfondi de Langue français (DALF) – B1 деңгейінен кем емес;
- Test de connaissance du français (TCF) - B1 деңгейінен кем емес;

Профильдік докторантура бағдарламасына қабылданатын тұлғалар үшін тек жоғарыда аталған сертификаттардың бар болуы жеткілікті. Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімі Университеттің қабылдау комиссиясымен тексеріледі.

- Соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдардың тізімі (бар болған жағдайда);
- Ғылыми-зерттеу жұмысы (зерттеу жүргізу жоспары мен эссе) көлемі 25 беттен кем емес екі рецензиямен (ішкі және сыртқы) ұсынылады, рецензия доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесі және/немесе бейіндік доктор дәрежесіне ие және қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы бар оқытушылар/ғылыми қызметкерлер қол қоюы керек, сондай-ақ жұмыс орнымен расталады.

4.8 Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (TOEFL ITP) сертификатына ие тұлғалар докторантураға қабылдау емтиханына дейін ағылшын тілін растау бойынша қосымша тестілеуден (ары қарай – қосымша тестілеу) өтеді.

4.8.1 Қосымша тестілеу тапсырмаларының тест саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғары балл саны – 100 балл. Қосымша тестілеу «рұқсат» немесе «рұқсат етілмеген» деген формада бағаланады. «Рұқсат» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау қажет.

4.8.2 Қосымша тестілеу Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) тарапынан ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган анықтаған ұйымдарда өткізіледі. Қосымша тестілеуді тапсыру уақыты, күні мен орны қабылданушыларға олардың жеке кабинеті арқылы хабарланады.

4.8.3 Қосымша тестілеудің нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі. Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электронды сертификат беріледі, ол Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) сайтында жарияланып, расталады және қабылданушының жеке кабинетіне жіберіледі.

4.8.4 4-20 тамызға аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін жарамды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10-бет

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылдың 1 наурызына дейін жарамды.

4.9 Ғылыми-зерттеу жұмысы кафедраның визасы болған жағдайда ғана қабылданады.

4.10 4.7-тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге қабылданушының қатысуымен жүргізілетін салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

4.11 Шетел тілінде берілген құжаттар нотариалды түрде куәландырылған қазақ немесе орыс тіліне аударылған нұсқасымен ұсынылуы тиіс.

4.12 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Білім туралы құжаттарды тану тәртібі мен Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттары танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес тану рәсімінен өтеді, бұл тізім 2021 жылғы 19 шілдедегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының № 352 бұйрығымен бекітілген.

4.13 Тану рәсімінен өтпеген білім туралы құжаттар қабылданған тұлғаларға оқу басталғаннан кейін бір семестр ішінде тану рәсімінен өтуі тиіс. Өтпеген жағдайда, докторант Университеттен шығарылады.

4.14 Құжаттарға қағаз байланыстырғыш, 8 мөлдір файл, А5 өлшемді конверт қоса берілуі керек.

4.15 Шығармашылық емтихандар аяқталғаннан кейін қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алуға конкурстық іріктеу жүргізеді.

4.16 Ұпайлардың бірдей көрсеткіштері болған жағдайда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін басым құқыққа жоғары GPA және шығармашылық емтихандардан ең жоғары бағалар алған жоғары білімнен кейінгі білім туралы дипломы бар азаматтар ие болады. Екінші кезекте мемлекеттік және шетел тілдерін білу сертификаттарының нәтижелері, сондай-ақ тиісті ғылыми мамандық бойынша ғылыми және шығармашылық жетістіктері ескеріледі.

4.17 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу орнына қабылданбаған абитуриенттің өтініші бойынша қабылдау комиссиясы оған емтихан парақтарының және шығармашылық емтихандар ведомостерінің түпнұсқаларын береді, ол абитуриенттің таңдауы бойынша кез келген Университетке ақылы негізде оқуға қабылдану үшін ұсынылады. Ұсынылған құжаттардың көшірмелері Университеттің қабылдау комиссиясында сақталады.

4.18 Білім алушылар қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы жүргізеді:

- 1) жазғы қабылдау: күнтізбелік жылдың 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11-бет

2) күзгі қабылдау: күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

4.19 Университет ақылы негізде егер олардың қабылдау емтихандарының нәтижелері Университеттің докторантураға қабылдау талаптарына сәйкес келсе шығармашылық емтихандарды басқа жоғары оқу орнында тапсырған абитуриенттерді қабылдайды, шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан, олардың шығармашылық емтихан парақтары мен ведомостері негізінде оқуға қабылдауға құқылы.

4.20 Университет қабылдау аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде мәдениет саласындағы уәкілетті органға университетке қабылданған студенттер бойынша қорытынды есебін ұсынады.

4.21 Мемлекеттік грант негізінде түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларын бекіту туралы» белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істегені туралы шартқа қол қояды.

5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Университет докторантураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша қабылдау (шығармашылық) емтихандарын өткізу кестесін емтихандар басталғанға дейін жиырма күнтізбелік күн бұрын мәдениет саласындағы уәкілетті органға жолдайды.

5.2 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін университетте қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Мамандарды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

5.3 Емтихан комиссиясының құрамына ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және/немесе философия докторы (PhD) дәрежесі және/немесе бейін бойынша доктор дәрежесі, сондай-ақ қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы бар Университеттің профессор-оқытушылар құрамы өкілдері кіреді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12-бет

5.4 Емтихан комиссияларының төрағалары мен құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және білім және мәдениет саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

5.5 Докторантураға қабылдау екі қабылдау (шығармашылық) емтиханы өткізіледі:

1) Кешенді емтихан (эссе жазу және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру);

2) Сұхбат түрінде өткізілетін Ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау.

5.6 Профильдік докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау емтиханы мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Кешенді емтихан (білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру);

2) Ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау.

5.7 Емтихан билеттеріне енгізілетін пәндердің тізімі, емтихан сұрақтары, емтихан билеттері, бағалау критерийлері бейіндік кафедралар тарапынан әзірленеді, кафедра отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

5.8 Эссе тақырыптары кафедра отырыстарында талқыланып, қабылдау емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі және Университеттің ресми сайтында жарияланады.

5.9 Ғылыми-зерттеу жұмысы болашақ ғылыми зерттеу (research proposal) тақырыбын негіздеу түрінде ұсынылады және зерттеудің мақсатын, міндеттері мен әдіснамасын, оның өзектілігін, ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңыздылығын, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысын орындау жоспарын, әдебиеттерге шолуды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтиды.

5.10 Ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау емтихан комиссиясының талапкермен әңгімелесу түрінде өтеді және талапкердің кәсіби әрі жеке қасиеттерін, докторантурада оқуға қабілеттілігін, ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

5.11 Егер талапкер емтиханға келмесе, оған 0 балл қойылады, ол келесі емтиханға жіберілмейді және Университетке оқуға қабылданбайды.

5.12 Қорытынды баға екі шығармашылық емтихан нәтижелерінің қосындысы ретінде есептелетін жиынтық балл түрінде ұсынылады.

5.13 Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау емтиханына келесідей уақыт бөлінеді:

– кешенді емтихан – философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша тапсырушылар үшін 120 минут (2 сағат), профильдік доктор бағдарламасы бойынша тапсырушылар үшін 60 минут (1 сағат);

– ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау – 30 минут.

5.14 Білім беру бағдарламалары топтары бойынша қабылдау емтихандарының кестесі (өткізу күні, уақыты, орны және консультациялар)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13-бет

қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіліп және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін Университеттің ресми сайтында жарияланады.

5.15 Шығармашылық емтихандар бейнежазба және/немесе аудио жазба құрылғылары жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

5.16 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкердің аудиторияға кіруі жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүзеге асырылады.

5.17 Докторантураға қабылданушылар үшін шығармашылық емтихандар баллдық шкала бойынша бағаланады (1 және 2-ші қосымшалар).

5.18 Шығармашылық емтихан нәтижелері баға ведомосы мен комиссия хаттамасымен ресімделеді, нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (немесе оның орынбасарына) тапсырылады. Комиссия хаттамасына төраға және барлық қатысушы комиссия мүшелері тарапынан қол қойылады.

5.19 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері өткізілген күні қабылдау комиссиясы тарапынан жарияланады.

5.20 Әрбір шығармашылық емтиханның нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляция өтініштері апелляциялық комиссияға беріледі және тиісті апелляциялық комиссиялар сол күні қарастырады.

5.21 Университеттің докторантурасына ғылыми-педагогикалық дайындық бағыты бойынша оқу үшін қабылданатын тұлғалар, қабылдау (шығармашылық) емтихандарынан 75 баллдан кем емес жинаған, докторантураға бейін бойынша – 50 баллдан кем емес балл жинағандар қабылданады.

5.22 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабы, 2-тармағына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу құқығы бірінші рет жоғары оқу орнынан кейінгі білім (докторантура) алатын талапкерлер оқи алады.

5.23 Университет шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде білім және мәдениет саласындағы уәкілетті органға шығармашылық емтиханды ұйымдастыру мен өткізу туралы қорытынды есебін еркін формада ұсынады, сондай-ақ шығармашылық емтиханның нәтижелері туралы бұйрықтардың көшірмелерін жібереді.

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Бұл Ереже оның бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңа ережемен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

6.2 Өзгерістер мен толықтырулар Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес арқылы енгізілуі мүмкін.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 30.05.2025
	ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14-бет

1-қосымша – Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау үшін 100-баллдық бағалау жүйесінің шкаласы

Емтихан түрі	Ұпайы
БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	
Эссе	20
Кешенді емтихан (емтихан билеттері бойынша)	30
ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	
Ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау	50
Барлығы	100

2-қосымша – Бейінді докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау үшін 80-баллдық бағалау жүйесінің шкаласы

Емтихан түрі	Ұпайы
БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	
Кешенді емтихан (емтихан билеттері бойынша)	30
ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	
Ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау	50
Барлығы	80

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға ғылыми-педагогикалық даярлық бағыты бойынша конкурсына қатысу үшін және ақылы оқу орнына қабылдану үшін шекті балл – **75**.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға бейін бойынша конкурсына қатысу үшін және ақылы оқу орнына қабылдану үшін шекті балл – **50**.